

**Атбасар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 11 сәуірдегі № 6С 19/8 "Атбасар ауданының елді мекендері аумағындағы бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 27 мамырдағы № 6С 39/7 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 маусымда № 7874 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 2022 жылғы 3 тамыздағы № 7С 21/3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 03.08.2022 № 7С 21/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3 бабының 6 тармағына, "Ақмола облысы Атбасар ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысын өзгерту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2019 жылғы 25 қазандағы № А-11/506 қаулысына және Ақмола облыстық мәслихатының 2019 жылғы 25 қазандағы № 6С-38-7 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7464 болып тіркелген) шешіміне, "Ақмола облысы Атбасар ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысын өзгерту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2019 жылғы 22 қарашадағы № А-11/570 қаулысына және Ақмола облыстық мәслихатының 2019 жылғы 22 қарашадағы № 6С-39-8 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7530 болып тіркелген) шешіміне сәйкес, Атбасар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Атбасар аудандық мәслихатының "Атбасар ауданының елді мекендері аумағындағы бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібін бекіту туралы" 2018 жылғы 11 сәуірдегі № 6С 19/8 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6595 тіркелген, 2018 жылғы 14 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Атбасар ауданының елді мекендері аумағындағы жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Атбасар аудандық  
мәслихатының сессия төрағасы

Р.Досмуханов

Атбасар аудандық  
мәслихатының хатшысы

Б.Борумбаев

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Атбасар ауданының әкімі

А.Қалжанов

Атбасар аудандық  
мәслихатының  
2020 жылғы 27 мамырдағы  
№ 6С 39/7 шешіміне  
қосымша  
Атбасар аудандық  
мәслихатының  
2018 жылғы 11 сәуірдегі  
№ 6С 19/8 шешімімен  
бекітілген

**Атбасар ауданының елді мекендері аумағындағы жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау**

№	Атбасар ауданының елді мекенінің атауы	Атбасар ауданының елді мекендері аумағындағы жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
1	Атбасар қаласы	229
Борисовка ауылы		
2	Борисовка ауылы	68
Сепе ауылдық округі		
3	Есенгелді ауылы	48
4	Сепе ауылы	27
Макеевка ауылдық округі		
5	Шуйское ауылы	50
6	Макеевка ауылы	6
Мариновка ауылдық округі		
7	Мариновка ауылы	189
8	Бейіс-Хазірет ауылы	24

9	Адыр станциясы	30
Бастау ауылдық округі		
10	Бастау ауылы	95
Новосельское ауылы		
11	Новосельское ауылы	66
Ақан Кұрманов ауылдық округі		
12	Ақан Кұрманов ауылы	69
13	Қосбармақ ауылы	3
14	Қаракөл ауылы	5
Покровка ауылдық округі		
15	Покровка ауылы	45
16	Садовое ауылы	44
Полтавка ауылдық округі		
17	Полтавка ауылы	60
18	Титовка ауылы	9
Сергеевка ауылдық округі		
19	Сергеевка ауылы	73
20	Ащыкөл ауылы	4
21	Самарка ауылы	26
Тельман ауылдық округі		
22	Тельман ауылы	50
23	Поповка ауылы	24
Шұңқыркөл ауылдық округі		
24	Новомариновка ауылы	29
25	Сочинское ауылы	45
Ярославка ауылдық округі		
26	Тимашевка ауылы	46
27	Магдалиновка ауылы	16
28	Хрящевка ауылы	17
29	Родионовка ауылы	5
30	Калиновка ауылы	14